

Жалғыз Қатысушының  
2021 жылғы «15» наурыз № 2/21  
Шешімімен Бекітілді  
(«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы  
Акциягерлік қоғамның директорлар кеңесінің шешімі)

«РУ-6»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің

ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы,  
2021 жыл

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Жарғы «РУ-6» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Серіктестік) атауын, орналасқан мекенжайын, құрылу ретін және оның органдарының құзіреттілігін, оның қызметінің тоқтатылуы мен қайта құрылу шарттарын және Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да жағдайларын белгілейді.

1.2. Серіктестік Қазақстан Республикасы заңдылықтарына сай құрылды.

1.3. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы:

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Е 10 көшесі, 17/12 үй, мекенжайы бойынша 2011 жылдың 23 тамызында Нұр-сұлтан қаласының Әділет департаментінде (№41031-1901-АҚ 2011жылы 23 тамызында мемлекеттік қайта тіркеуден өткені туралы куәлігі) тіркелген. СТН 181 600 039 479, БСН 970 240 000 816, ЖСК KZ 356 010 131 000 049 659 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ АОФ, БИК HSBK KZ KX банктік деректемелерімен «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» Акционерлік қоғамы болып табылады.

1.4. Серіктестіктің заңды мекен-жайы және орналасқан орны:

Қазақстан Республикасы, 120710. Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Байтерек ауылдық округі, Бидайкөл ауылы, Бидайкөл қонысы, құрылыс №3.

1.5. Серіктестің фирмалық атауы:

**қазақ тілінде:**

толық – «РУ-6» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі; қысқартылған – «РУ-6» ЖШС.

**орыс тілінде :**

толық - Товарищество с ограниченной ответственностью «РУ-6»;

қысқартылған – ТОО «РУ-6»;

**ағылшын тілінде:**

толық – Limited Liability partnership «RU-6»; қысқартылған - LLP «RU-6».

Серіктестік белгісіз мерзімге құрылады.

1.6. Серіктестік орта есеппен жылдық саны 250-ден(екі жүз елу) аса жұмыскері бар және (немесе)жылдық орта табысы республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген, сәйкес қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыстағы үш миллион айлық есептік көрсеткіштен жоғары ірі кәсіпкерлік субъект болып табылады.

1.7. серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атауы [www.ru6.kazatomprom.kz](http://www.ru6.kazatomprom.kz).

## 2. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы жарғыға сәйкес құрылған және әрекет ететін заңды тұлға болып табылады.

2.2. Серіктестік оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады және мемлекеттік және орыс тілдеріндегі фирмалық атауы, өзінің фирмалық атауы жазылған мөрі, бұрыштама түріндегі мөртабаны, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркелген тауар белгісі мен нышаны болады.

2.3. Серіктестік өз қызметінің мақсаттарына жету үшін өз атынан мыналарға:

2.3.1. келісімшарттар (шарттар, келісімдер), мәмілелер жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттерін орындауға, сот ісінде талапкер не жауапкер болуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де әрекеттер жасауға құқылы;

2.3.2. Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде жылжымайтын мүліктерді (ғимараттарды, құрылыстарды, жер телімдерін т.б.), бағалы қағаздарды, өнеркәсіптік үлгілерді, өнертабыстарды, пайдалы үлгілер мен ақпараттарды, оның ішінде

ғылыми-техникалық ақпараттарды, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүліктерінен үлес алуға, кез келген басқа да мүліктерді және мүліктік құқықтарды иеленуге;

2.3.3. Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар, өкілдіктер құруға және басқа да заңды тұлғалармен бірлестік (одақ) құруға, сондай-ақ өзге заңды тұлғалардың құрылтайшысы (қатысушысы) болуға;

2.3.4. Қазақстан Республиканың қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте өзіне тиесілі меншіктік құқықтағы мүлікті және мүліктік құқықты сатуға, ауыстыруға, жалға беруге, уақытша (ақылы, ақысыз) пайдалануға беруге, заемға немесе басқа жолмен басқаруға;

2.3.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте Қазақстан Республикасы және одан тыс жерлердегі банктерде банктік шоттар ашуға, жеке балансы болуына;

2.4. Серіктестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді.

2.5. Серіктестік Жарғы капиталына өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде табылған мүліктер мен салымдар ретінде енгізілген ақша мен мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да негіздермен табылған мүліктің иесі болып табылады.

2.6. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзінің Жарғылық капиталға енгізген өз салымы құнының мөлшерінде Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылғандардан басқа жағдайларда Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.7. Егер Серіктестіктің банкротқа ұшырауы Жалғыз Қатысушылардың әрекетінен туындаса, онда Серіктестіктің қаржысы жетпеген жағдайда Жалғыз Қатысушы несие берушілер алдында субсидиарлық жауапкершілікті көтереді.

2.8. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, осы Жарғымен белгіленген, Серіктестіктің басқару органымен оның өкілеттігін асыра қабылданған міндеттемелер бойынша үшінші тараптар алдында жауап береді.

### **3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **3.1. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы құқылы:**

3.1.1. «Жауапкершілігі шектеулі және жауапкершілігі қосымша Серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында (бұдан әрі-Заң) және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

3.1.2. осы Жарғымен және/немесе Серіктестіктің ішкі құқықтық құжаттарымен қарастырылған тәртіпте Серіктестік қызметі жөнінде ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және басқа да құжаттамасымен танысуға;

3.1.3. Қазақстан Республикасының Заңына, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының шешімдеріне сәйкес, Серіктестік қызметінен кіріс алуға;

3.1.4. таза табысты бөлуге;

3.1.5. Серіктестік таратылған жағдайда несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін мүлкін заттай күйінде немесе оның құнын алуға;

3.1.6. Заң жүзінде және осы Жарғыда көрсетілген тәртіпте өз үлесін иеліктен шығару арқылы Серіктестіктен шығуға;

3.1.7. Серіктестіктер туралы Заңда және/немесе Серіктестіктің Жарғысында көзделген құқықтарын бұзған Серіктестік органдарының шешіміне сот арқылы қарсы болуға;

3.1.8. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы Қазақстан Республикасының Заңнамасында және Серіктестіктің Жарғысында көзделген басқа да құқықтарға ие бола алады.

Серіктестіктің Жалғыз Қатысушының жоғарыда көрсетілген құқықтарын шектеуге бағытталған Серіктестіктің кез келген шешімдері заңсыз деп саналады.

### **3.2. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысы міндетті:**

3.2.1. осы Жарғының талаптарын қадағалауға;

3.2.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің Жарғылық капиталына салымдар салуға;

3.2.3. Қазақстан Республикасы заңнамасымен қорғалатын Серіктестік және оның қызметі жөніндегі қызметтік, коммерциялық немесе басқа да ақпараттарды жария етпеуге;

3.2.4. Серіктестіктің Атқару органына осы Жарғының 1.3. тармағында қарастырылған деректердің өзгергені жөнінде жазбаша түрде хабар беруге;

3.2.5. Серіктестік алдындағы өз міндеттерін тиісінше орындауға;

3.2.6. Қазақстан Республикасының Заңнамасында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндетті.

## **4. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ**

4.1. Серіктестікті құрудағы негізгі мақсат осы Жарғыда көзделген қызметті жүзеге асыру арқылы пайда табу болып табылады.

4.2. Негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін Серіктестік төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

4.2.1. уран және торийлер кәнін өндіру;

4.2.2. басқа да негізгі бейорганикалық заттарды өндіру;

4.2.3. қауіпті қалдықтарды жинау;

4.2.4. қауіпсіз қалдықтарды жинау;

4.2.5. қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою;

4.2.6. қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою.

4.2.7. меншікті жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару;

4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, міндетті лицензиялауға, рұқсат алуға немесе хабарлауға жататын кейбір қызмет түрлерімен Серіктестік тек лицензия, рұқсат алғаннан немесе хабарлау жасағаннан кейін айналыса алады.

4.4. Серіктестік тарапынан қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсету «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген тәртіппен бекітілген «Самұрық-Қазна» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Жалғыз қатысушымен келісім бойынша, жасалады.

## **5. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛІГІ МЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ**

5.1. Жарғылық капитал Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының салым енгізуі арқылы құралған.

5.2. Серіктестік мүлігі Жалғыз Қатысушысының салымдарының есебінен Серіктестікпен табылған табыстардан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да көздерден құралады.

5.3. Жарғылық капитал Серіктестік қызметін қамтамасыз ету үшін құралады және **12 544 758 909, 27 (он екі миллиард бес жүз қырық төрт миллион жеті жүз елу сегіз мың тоғыз жүз тоғыз) теңге (жиырма жеті) тиынды** құрайды.

5.4. Серіктестіктің Жарғылық капиталының көбейту немесе азайту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

5.5. Серіктестік Жалғыз Қатысушысының шешімімен резервті капитал жасақтай алады. Серіктестіктің басқа қорларды құру тәртібі Жалғыз Қатысушымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен анықталады.

5.6. Серіктестік өз мүлкін үшінші тараптың сенімгерлік басқаруына оған Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының рұқсаты болмаса беруге құқығы жоқ.

5.7. Серіктестіктің жарғылық капиталына салым ақша, бағалы қағаз, мүліктік құқық соның ішінде, жер пайдалану құқығы және интеллектуалдық қызмет нәтижелерінің құқығы және басқа мүлік бола алады.

5.8. Жобалық қаржыландыру және секьюритизация туралы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнама сәйкес құрылатын арнайы қаржылық компаниялардың, жарғылық капиталы тек ақшалай қалыптасқан бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес құрылатын ислами арнайы қаржылық компаниялардың салымдарын енгізуге, сонымен бірге жеке мүліктік емес құқықтар және басқа да материалдық емес игіліктер түріндегі салымдарды енгізуге жол берілмейді.

5.9. Жарғылық капиталға Қатысушының салған мүліктік немесе заттай нысандағы салымы ақшалай түрде бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиынтық сомасынан асса, айлық есептік көрсеткішпен эквиваленттігі жиырма мың көлеміндегі оның бағасы тәуелсіз сараптамашымен расталуы керек.

## **6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫСЫНА ЖӘНЕ ҮЛЕСКЕРЛЕРІНЕ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАРДЫ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ**

6.1. Жалғыз қатысушының талабы бойынша Серіктестік оның Жалғыз Қатысушысының мүддесін көрсететін серіктестік қызметі туралы ақпарат беруге міндетті

6.2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының мүддесін көрсететін ақпараттар:

6.2.1. Серіктестіктің Атқарушы органы мен Жалғыз Қатысушысының шешімдері, сонымен бірге қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

6.2.2. Серіктестік меншіктік өз капиталының мөлшерінен 25 (жиырма бес) пайыздан және одан аса көлемін құрайтын өлшемде Серіктестіктің қарыз алуы;

6.2.3. Серіктестіктің ірі мәмілені іске асыруы немесе өзара байланысты мәміле жасау жиынтығы, соның (ссылардың) нәтижесінде серіктестіктің меншіктік капиталының мөлшерінен 5 (бес) не одан да артық пайызды құрайтын сомаға мүлік алынады немесе мүлігінен айырады.

6.2.4. Серіктестіктің қандай болса да қызмет түрін (немесе) және белгілі іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін, не болмаса тоқтату немесе олардың іс-әрекеттерін тоқтату үшін лицензия алуы, сонымен бірге бұрын қандай болса да қызмет түрін (немесе) белгілі іс-әрекеттерді іске асыруға серіктестікпен алынған лицензиясынан айыру;

6.2.5. Серіктестік мүлігіне тыйым салу;

6.2.6. Төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы нәтижесінде, серіктестіктің активтерінің жалпы өлшемінен баланстық құны 10 (он) не одан да көп пайызды құраған серіктестік мүлігінің жойылуы;

6.2.7. Серіктестікті (немесе) және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

6.2.8. Серіктестікті мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешім;

6.2.9. Аудиторлық есептеме;

6.2.10. Корпоративтік даулы мәселе бойынша сот ісін қозғау туралы ақпарат;

6.2.11. Жалғыз қатысушы сұрау салатын басқа да ақпараттар.



6.3. Серіктестіктің оның Жалғыз қатысушысының мүддесін қорғайтын қызметі туралы ақпарат беруі Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес және осы Жарғымен жүзеге асады. Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының мүддесін қорғайтын оның қызметі туралы ақпаратты беру Бас директормен жүзеге асырылады. Бас директор Жалғыз Қатысушыға сұрау салған ақпаратын және құжаттарын жазбаша қатынас қағазының серіктестікке түсу уақытынан (бес) 5 жұмыс күннің ішінде немесе Жалғыз қатысушының сауалда көрсеткен мерзімінде және/немесе осы жарғының 6.2 тармағында көрсетілген жағдайда беруі керек.

6.4. Атқарушы орган корпоративтік даулы мәселе бойынша сот ісін қозғау туралы Жалғыз Қатысушыны хабардар етуге міндетті.

Корпоративтік даулы мәселе бойынша сот ісін қозғау туралы Жалғыз қатысушыға ақпаратты Жалғыз Қатысушының шешіммен ескерілген тәртіпте, серіктестіктің корпоративтік дау бойынша тиісті сот хабарламасын немесе азаматтық іс бойынша шақыру қағазын алған мерзімінен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей беруі керек.

6.5. Серіктестіктің жарғылық капиталынан және мүлігінің құнына қатысу үлесін сатып алу жөнінде Жалғыз Қатысушымен алдын-ала шарт жасасқан тұлға (әрі қарай – Үлес алушы) Серіктестіктің қызметі жөнінде Серіктестіктен келесі ақпаратты сұратып алуға құқылы:

6.5.1. Серіктестік меншіктік өз капиталының мөлшерінен 25 (жиырма бес) пайыздан және одан аса көлемін құрайтын өлшемде Серіктестіктің қарыз (заем) алуы;

6.5.2. Серіктестіктің қандай болса да қызмет түрін (немесе) және белгілі іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін лицензия алуы;

6.5.3. Серіктестік мүлігіне тыйым салу;

6.5.4. Серіктестікке тиесілі басқа заңды тұлғалардағы қатысу үлесі (акциялар) туралы;

6.5.5. Серіктестік құрған филиалдар мен өкілдіктер туралы;

6.5.6. Серіктестіктің кредиторлары мен дебиторлары туралы және Серіктестіктің дебиторлық және кредиторлық қарыздары туралы;

6.5.7. Өткен жылдағы қызметінің нәтижесі бойынша Серіктестіктің табысы мен шығындары туралы.

Үлес алушы Серіктестік қызметі туралы басқа да ақпарат сұратса, Жалғыз Қатысушының келісімін алған жағдайда ұсынылады.

6.6. Серіктестіктен үлес алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру Серіктестіктің жарғылық капиталынан және мүлігінің құнына қатысу үлесін сатып алу жөнінде Жалғыз Қатысушымен алдын-ала шарт ұсынылғаннан кейін үлес алушылардың жазбаша түрдегі өтінішінің түсу уақытынан бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде, Серіктестіктің атқарушы органымен жүргізіледі. Көрсетілген ақпарат өтініштің түсуі алдындағы серіктестіктің жылдық бухгалтерлік балансының соңғы деректері бойынша беріледі. Жылдық бухгалтерлік баланс қосымшаларымен және баланс түсініктемесімен қоса беріледі.

Көрсетілген ақпаратты беру негіздемесі үлес сатып алу туралы алдын ала жасалынған, берілетін ақпараттың көлемі белгіленген шарт болып табылады.

## 7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ОРГАНДАРЫ

7.1. Серіктестіктің органдары болып табылады:

7.1.1. Серіктестіктің жоғарғы органы – Жалғыз Қатысушы.

7.1.2. Байқаушы орган – Байқаушы кеңес.

7.1.3. Бақылаушы орган – Ревизиялық комиссия.

7.1.4. Атқарушы орган (жек-дара) – Бас директор.

## 8. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

8.1. Қатысу үлесінің 100%-ы Жалғыз акционердің меншігінде екенін ескере отырып, Серіктестікте Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша қатысушылардың жалпы жиналысы Серіктестікте өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе өзге де заңнамалық актілермен және осы қатысушылардың жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен жеке-дара қабылданып, Жалғыз акционердің уәкілетті органының шешімдері түрінде жазбаша рәсімделеді.

8.2. Жалғыз Қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

8.2.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы мөлшерін өзгертумен, орналасқан орнын және фирмалық атауын өзгертумен қоса, Серіктестіктің жарғысын өзгерту немесе Серіктестіктің жарғысын жаңа редакцияда бекіту;

8.2.2. Серіктестіктің Атқарушы органын құру және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлігін сенімгерлік басқаруға тапсыру туралы шешімді қабылдау және осындай тапсырудың шарттарын айқындау;

8.2.3. Серіктестіктің Байқаушы кеңесін және Ревизиялық комиссиясын сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясының есептемесі мен тұжырымдамасын бекіту;

8.2.4. Серіктестіктің жылдық қаржылық есебін бекіту, таза табысты бөлу;

8.2.5. Ішкі ережелерді бекіту, оларды және, Серіктестік Жарғысымен бекітілу Серіктестіктің өзге органдары құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқасы, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды қабылдау процедурасын бекіту, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысымен бекітілуге жататын құжаттарға кіретіндер:

- Серіктестіктің Байқаушы кеңесі туралы Ереже;
- Серіктестіктің Ревизиялық комиссиясы туралы Ереже;
- Серіктестіктің Дивидендтік саясаты;
- Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Жалғыз қатысушыға және үлес алушыларға ұсыну тәртібі мен мерзімі туралы Ереже.
- Серіктестіктің атқарушы органы туралы ереже;
- Корпоративтік басқару кодексі.

8.2.6. Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

8.2.7. Серіктестікті қайта құру немесе жою туралы шешім;

8.2.8. Жою комиссиясын тағайындау және жою балансын бекіту;

8.2.9. Заңның 34 бабына сәйкес үлесті мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

8.2.10. Серіктестіктің мүлігін немесе мүлігінің үлесін кепілге салу туралы шешім;

8.2.11. Заңның 39 бабына сәйкес Серіктестіктің мүлігіне қосымша жарнаны салу туралы шешім;

8.2.12. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің қатысушыларына және үлесін алушыларға ұсыну тәртібі мен мерзімін бекіту;

8.2.13. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік активтерінің баланстық құнының 50 немесе онан да көп пайызын құрайтын мүліктен айыратын мәмілелер немесе өзара байланысқан мәмілелер жасауды құптау туралы шешім.

8.2.14. Серіктестіктің қаржылық есеп-қисап аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды бекіту.

8.3. Заңмен Жалғыз Қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелермен қатар Жалғыз Қатысушының құзыретіне мыналар жатады:

8.3.1. Серіктестіктің Серіктестікке жататын заңды тұлғалардың қатысу үлестерін иеліктен айыру туралы шешім қабылдау;

8.3.2. Серіктестіктің Байқау кеңесі мен Тексеру комиссиясының мүшелеріне сыйақы және өтемақы мөлшерін жыл сайынғы анықтау;

8.3.3. Осы Жарғымен Серіктестіктің Жалғыз Қатысушысының құзыретіне жатқызылған өзге мәселелер

8.4. Жалғыз қатысушы өзінің жеке құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді Серіктестіктің Атқарушы органына немесе Байқаушы кеңесіне беруге құқылы.

8.5. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы өзінің құзыреті Серіктестіктің Жарғысында қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез-келген мәселені қарауға құқылы.

8.6. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез-келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

## 9. БАЙҚАУШЫ КЕҢЕС

9.1. Байқаушы кеңес Серіктестіктің атқарушы органының қызметіне бақылау жүргізу үшін құрылады. Байқаушы кеңестің жұмыс тәртібі және оның мүшелерінің өрекеттері Заңға, осы Жарғыға және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы бекіткен Байқаушы кеңес туралы ережеге сәйкес айқындалады.

9.2. Байқау кеңесінің мүшелерін Жалғыз қатысушы 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге тағайындайды. Байқау кеңесі кемінде 3 (үшеуден) кем емес мүшелерден тұрады. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы мен өтемақы мөлшерін жыл сайын анықтауды Жалғыз қатысушы айқындайды. Байқау кеңесінің төрағасын Жалғыз қатысушымен сайланады.

Байқау кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Серіктестіктің Байқау кеңесі шешімі бойынша Байқау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

9.3. Жеке тұлға ғана Байқаушы кеңес мүшесі бола алады. Ол бір мезгілде Серіктестіктің атқарушы органның мүшесі бола алмайды.

9.4. Байқаушы кеңес мүшелерінің өкілеттігін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз Қатысушы қабылдаған кез-келген негіздеме бойынша жүргізіледі. Байқаушы кеңес мүшесінің өкілеттігін өз еркімен тоқтату кез-келген негіздеме бойынша кез-келген уақытта Байқаушы кеңес пен Жалғыз Қатысушыға жазбаша түрде хабарлау жолымен жүзеге асырылады.

9.5. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің оның Атқарушы органының қызметіне тиісті бақылау жасамағынының салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірген зияны үшін Байқаушы кеңестің мүшелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.6. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құзыретіне мыналар жатады:

9.6.1. Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау;

9.6.2. Серіктестік немесе оның қызметі туралы құпия сипаттағы немесе қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қорғалатын өзге құпиясы бар ақпаратты айқындау;

9.6.3. Дивидендтік саясатты алдын ала бекіту;

9.6.4. Өкілдіктері мен филиалдарын қоса алғанда Серіктестіктік қызметкерлерінің штат санын, Серіктестіктердің әкімшілік және басқарушылық құрамының 2 штаттық кестесін, Серіктестік қыз

меткерлерінің лауазымдық қызметінің сағаттық тарифтік мөлшерлемелерін, сондай-ақ, Серіктестіктің қызметкерлеріне еңбекақы және әлеуметтік қолдау көрсетуі шарттары мен тәртібін реттейтін құжаттарды бекіту;

9.6.5. Құзыретті мемлекеттік органдармен келісуге (жасасуға) жататын, жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге арналған келісімшарттардың қосымшалары болып табылатын жобалық құжаттарды бекітуді қоса алғанда, жер



қойнауын пайдалану құқығын сатып алу және иеліктен айыру туралы шешімдер қабылдау (жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізуге арналған келісімшарттар, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы келісімдер және жер қойнауын пайдалану құқығының тууына және тоқтатылуына байланысты өзге де заңдық іс-қимылдар);

9.6.6. Серіктестіктің құны 165 (жүз алпыс бес) миллион теңгеден жоғары болатын, шешім қабылдау құзыры Жалғыз қатысушыға берілген мәмілелерді есептемегенде, мүлікті сатып алатын және /немесе иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылдау;

9.6.7. Серіктестік Бас директорының Серіктестік қызметі туралы Байқаушы кенеске ақпарат беру тәртібін және мерзімін айқындау;

9.6.8. Бас директордың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босатуға келісім беру. Бас директор орынбасарларының лауазымдық қызметақысының мөлшерін анықтау;

9.6.9. Құқықтық мәселелерге, сатып алу процедураларына жауап беретін құрылымдық бөлімшелердің басшыларының немесе аталған функциялардың орындалуына жауапты тұлғалардың, сонымен қатар, Бас бухгалтердің, Бас геолог, физикалық, жеке және акпараттық қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімше басшысы, Тәуекелдер және комплаенс жөніндегі офицер, филиалының/өкілділігінің директорлығына кандидаттарына мақұлдап келісім беру;

9.6.10. Серіктестіктің мынадай ішкі құжаттарын бекіту:

- серіктестіктің стратегиялық (10 жылдық) кезеңдегі қызметін сипаттайтын стратегиялық құжат (Даму бағдарламасы) және есепті жылы Даму бағдарламасының іске асырылуы туралы есеп;
- Серіктестіктің орта мерзімдік даму, жылдық жеке жоспарларын, шоғырландырылған бюджеттерін;
- жылдық бюджетін (инвестицияларды қаржыландырудың жиынтық жоспары, қаржылық жоспар, Серіктестік инвестицияларының жиынтық жоспары, Серіктестіктің әкімшілік шығыстарының сметалары, Серіктестіктің күрделі салымдар жоспары);
- Серіктестіктің Есеп саясаты;
- Серіктестіктің Салық саясаты;
- Тәуекелдерді басқару саясаты;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі көрсеткіштерін реттейтін құжат;
- Серіктестік мүлкін сату тәртібін реттейтін құжат;
- Серіктестіктің қызметкерлеріне еңбек ақысын, сыйақысын төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен шарттарын реттейтін құжат;
- мобильді байланысты пайдалану құқығын қызметкерге ұсыну кезінде Серіктестіктің қаражаты есебінен өтелетін шығыстар лимитін, сондай-ақ өкілдік шығыстар лимитін айқындайтын құжат;
- Серіктестіктің қызметтік жеңіл көліктердің рұқсат етілу нормативтерін айқындайтын құжат;
- Серіктестіктің қызметтік іс-сапарға жіберілетін қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын реттейтін құжат;
- Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы туралы ереже;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидалар;
- риск-аппетит туралы өтініш;
- регистрларды және риск карталарды (негізгі рисктер және КРП бойынша толеранттық деңгейін көрсетіл);
- тоқсан сайынғы тәуекелдерді басқару жөніндегі есептер;
- Ішкі бақылау жүйесі жөніндегі қағидалар;

- Серіктестік комплаенс саласында қолданылатын реттеуші талаптарды сақтамау тәуекелдерін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп;
- бекітілуі Жалғыз қатысушының айрықша құзыреті болып табылмайтын және Серіктестіктің Атқарушы органының құзыретіне жатпайтын өзге құжаттар.

9.6.11. Корпоративтік хатшыны сайлау;

9.6.12. Серіктестіктің өзге заңды тұлғаларға кредиттерді (займдарды) ұсыну мәселелерін реттейтін Серіктестіктің ішкі құжаттарын бекіту;

9.6.13. Басқару есептілік жүйесін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;

9.6.14. Серіктестіктің құны Серіктестік активтерінің құнының жалпы баланстық мөлшерінен 5% артатын займдар (кредиттер), ссудалар алуына немесе беруіне байланысты, сондай-ақ заңды тұлғаларға құны Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерінен 5% артатын кепілгерлік пен кепілдік беру туралы мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылдау

9.6.15. Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен ерте тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындау;

9.6.16. Серіктестік мүлігінің бір бөлігін кепілге салу туралы шешім;

9.6.17. Серіктестіктің резервтік капиталы мен өзге де қорларын құру, сондай-ақ олар туралы Ережелерді бекіту;

9.6.18. Атқарушы органның (Бас директордың) функцияларын жеке-дара жүзеге асырушы тұлғаның лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақылар, әлеуметтік қолдау, қызмет нәтижелерін бағалау және еңбекақы мен сыйақы төлеу шарттарын айқындау, оны тәртіптік жазаға тарту және тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алып тастау туралы шешім қабылдау;

9.6.19. Серіктестіктің Бас директоры, оның орынбасарлары, серіктестіктің корпоративті хатшысы, тәуекел және комплаенс жөніндегі офицерге, және физикалық, жеке және ақпараттық қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімше басшысына сыйақы беру туралы шешім қабылдау сондай-ақ оларды тоқсандық және жылдық ҚНҚ бағалау және бекіту;

9.6.20. омбудсменді тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, омбудсменнің атқарған жұмыс нәтижелері туралы есебін жыл сайын тыңдау, сондай-ақ омбудсмен туралы Ережені бекіту;

9.6.21. жасалған мәмілелер туралы Атқарушы органның тоқсан сайынғы есебін қарау;

9.6.22. Бас директордың және оның орынбасарларының есеп беру кезеңіне қызметтің негізгі көрсеткішінің (бұдан әрі –ҚНҚ ) тізбесі мен мақсатты мәндерін бекіту, есепті кезеңнің нәтижелері бойынша ҚНҚ орындалуын бағалау ( есепті кезеңдегі ҚНҚ нақты мәндерін бекітумен), жылдық нәтижелер бойынша үшін бас директор және оның орынбасарларына сыйақы беру туралы шешімді қабылдау;

9.6.23. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда Жалғыз қатысушының және Серіктестіктің Атқарушы орган құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

9.7. Байқаушы кеңестің отырысы Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің төрағасымен, Серіктестіктің Бас директорымен шақырылады немесе Байқаушы кеңестің кез келген мүшесінің, Жалғыз қатысушының Тексеру комиссияның талабы бойынша осы Жарғымен және Байқаушы кеңес туралы ережемен көзделген тәртіпте, шақырылады. Корпоративтік хатшы қажетті құжаттарды Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырыс өткізу күніне дейін 30 (отыз) күнтізбелік күнінен кешіктірмей Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің барлық мүшелеріне жіберуге тиіс, құжаттардың кеш қаралуы қатысушының және серіктестіктің мүдделері үшін жағымсыз мүліктік және/немесе заңды салдары әкелуі мүмкін жағдайларды қоспағанда.

9.8. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мәжілісін өткізуге кворумға қатысатындар саны Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің жалпы құрамынан үш мүшеден кем емес болып құралуы тиіс.

9.9. Байқаушы кеңесте дауыс берген кезде кеңестің әрбір мүшесінде бір дауыс бар. Заннамамен және нақты жарғымен басқа түрі қарастырылмаған жағдайда, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің шешімі мәжіліске қатысқан байқаушы кеңес мүшелерінің көпшілігінің дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болса, Байқаушы кеңес төрағасының немесе Серіктестіктің Байқаушы кеңес мәжілісінде төрағалық еткен тұлғаның дауысы шешуші болып есептелінеді.

9.10. Байқаушы кеңес кез келген уақытта Серіктестіктің Атқарушы органының қаржылық- шаруашылық қызметіне тексеруді жүргізуге құқылы. Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің мүшелері осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық ақпаратына сөзсіз қол жеткізу құқығына ие. Серіктестіктің Байқаушы кеңесі мүшесінің талабы бойынша Серіктестіктің Бас директоры ауызша және жазбаша түрде қажетті түсініктеме беруге міндетті.

## **10. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ. ЕСЕПKE АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕП-ҚИСАП**

10.1. Серіктестік Бас директорының қаржылық-шаруашылық қызметіне ішкі аудитті және бақылауды жүзеге асыру үшін Тексеру комиссиясы құрылады.

10.2. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының мүшелері Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен оның шешімінде белгіленген, бірақ 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Тексеру комиссиясының құрамы кемінде 3 (үш) адамнан тұратын Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы құрады. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының мүшелеріне сыйақы мен өтемақы мөлшерін жыл сайынғы анықтауды Жалғыз қатысушы айқындайды.

10.3. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес аудиторлық қызметпен айналысуға құқығы бар тұлғалар қаржылық және бухгалтерлік есеп саласындағы тәуелсіз сарапшылар, сондай-ақ, өзге тұлғалар, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының өкілдері кіруі мүмкін. Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің Тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

10.4. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының төрағасы Серіктестіктің Тексеру комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс беріп, оның мүшелерінің арасынан жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Серіктестіктің Тексеру комиссиясы Төрағаны кез-келген уақытта қайта сайлауға құқығы бар.

10.5. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының мүшесі өз өкілеттік әрекетінің мерзімі ішінде кез-келген себептер бойынша өз міндеттерін орындауды тоқтатса, онда Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің Тексеру комиссиясының аталған мүшесін дереу ауыстыруды жүргізуге тиіс.

10.6. Серіктестіктің Тексеру комиссиясы Жалғыз қатысушыға тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

10.7. Тексеру комиссиясы кез-келген уақытта Серіктестіктің Бас директорының қаржылық-шаруашылық қызметінің тексерісін жүргізуге құқығы бар. Серіктестіктің Тексеру комиссиясында осы мақсаттар үшін Серіктестіктің барлық құжаттамаларына сөзсіз қолжетімдікке жету құқығы бар. Тексеру комиссиясының талабы бойынша Бас директор, орган ретінде ауызша және/немесе жазбаша нысанда түсіндірулерді беруге тиіс.

10.8. Серіктестіктің тексеру комиссиясы Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы оны бекіткенге дейін Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-қисабының тексеруін міндетті түрде жүргізеді. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Серіктестіктің Тексеру комиссиясының, Байқаушы кеңесінің немесе аудитордың қорытындысыз жылдық қаржылық есеп-қисапты бекітуге құқығы жоқ.

10.9. Серіктестіктің Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі осы Жарғымен, сондай-ақ ережелермен және Серіктестіктің ішкі қызметін реттеуші өзге құжаттармен айқындалады.

10.10. Жылдық қаржылық есеп-қисап бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалады. Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-қисабында бар деректердің дұрыстығын Серіктестіктің Тексеру комиссиясы растауы тиіс.

10.11. Серіктестіктің ағымдағы істерінің жай-күйін тексеруді, сондай-ақ Серіктестіктің жылдық қаржы есеп-қисабының дұрыстығын растауды Жалғыз қатысушымен және Серіктестіктің ұйымдарымен мүліктік мүдделерімен байланысты емес Байқаушы кеңес және/немесе аудиторлық ұйым (аудитор) (ішкі аудит) жүзеге асырады.

10.12. Серіктестік өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген есепке алудың барлық түрін жүзеге асырады.

10.13. Серіктестік өз қызметінде нәтижелердің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық, статистикалық, қаржы есеп-қисабын жүргізеді.

10.14. Серіктестік жылдық қаржылық есептілікке міндетті түрде тұрақты негізде аудит жүргізуді қамтамасыз етеді.

10.15. Есепке алудың барлық түрлерін жүргізуді ұйымдастыру бойынша жауаптылық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Атқарушы органға жүктеледі.

10.16. Жылдық қаржылық есеп-қисап бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалады. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қаржы есеп-қисабын бекітердің алдында, алдын-ала Байқаушы кеңес Серіктестіктің қаржы есеп-қисабын келісуі тиіс.

10.17. Есептің барлық түрлері бойынша деректерді ұсынбағаны немесе қате деректерді ұсынғаны үшін Серіктестіктің Бас директоры және өзге лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10.18. Серіктестіктің қаржы жылы бір күнтізбелік жылдың «01» қаңтарынан бастап «31» желтоқсанға дейін деп белгіленеді.

10.19. Серіктестік есеп пен есеп-қисапты жүргізу тәртібін және дұрыстығын сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

## **11. СЕРІКТЕСТІКТІҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫ**

11.1. Серіктестіктің органдары мен лауазымды тұлғалары Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының құқығы мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды сақтауды, сондай-ақ Серіктестіктің корпоративтік басқару, Жарғы ережелері және Серіктестіктің өзге ішкі құжаттар саласындағы заңнаманың ережелері мен нормаларын Серіктестіктің дәл қолдануын қамтамасыз ету Серіктестіктің Корпоративтік хатшысына жүктеледі. Сондай-ақ, Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы Серіктестіктің органдарының арасында ақпараттың тиімді алмасуына жағдай жасайды және Серіктестік басқаруының барлық мәселелері бойынша Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының Басқару мүшелері және Серіктестіктің Байқаушы кеңесі үшін кеңесші функциясын орындайды;

11.2. Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырыстарын дайындау мен жүргізуіне бақылауды жүзеге асырады, Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы басқармасының және Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің отырыстарына материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қамтамасыз етуіне бақылау жүргізеді.

11.3. Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы және Серіктестіктің Байқаушы кеңесі нақты және айқын ақпаратты уақытылы алуын қамтамасыз етеді;



11.4. Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы Байқаушы кеңестің мүшесі болып табылмайтын Серіктестіктің қызметкері болып табылады;

11.5. Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы Серіктестіктің Байқаушы кеңесіне есеп береді;

11.6. Серіктестіктің Корпоративтік хатшысының мәртебесін, атқарымдық міндеттерін, өкілеттілігін, жауаптылығы мен қызметінің өзге мәселелерін Байқаушы кеңестің шешімімен бекітілген Серіктестіктің Корпоративтік хатшысы туралы ереже айқындайды.

11.7. Бас директордың өтініші бойынша Байқаушы кеңес тағайындайтын Корпоративтік хатшыны Бас директор онымен еңбек шартын жасасу арқылы жұмысқа қабылдайды.

## 12. БАС ДИРЕКТОР

12.1. Бас директор Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты және оның ісін жүзеге асыратын Серіктестіктің жеке-дара Атқарушы органы болып табылады.

12.2. Серіктестіктің Бас директоры 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Жалғыз қатысушы тағайындайды және шексіз мөлшерде тағайындалуы мүмкін. Серіктестіктің атынан Бас директормен еңбек шартына Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы осыған уәкілетті еткен тұлға қол қояды.

12.3. Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің мүддесін білдіреді және сенімхатсыз Серіктестіктің атынан барлық әрекеттерді жүзеге асырады, қойылған мақсаттарды орындау үшін банктерде шоттарды ашады, мәмілелерді жүзеге асырады, келісімдер мен шарттарды жасасады, сенімхаттарды береді, Серіктестіктің қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтарды, өкімдер мен нұсқауларды шығарады, және Серіктестіктің мақсаттарын орындауын қамтамасыз ететін өзге әрекеттерді жүзеге асырады.

12.4. Серіктестіктің Бас директоры:

12.4.1. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Байқаушы кеңестің шешімдерін орындауын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

12.4.2. Серіктестіктің қызметімен байланысты мәселелер бойынша Жалғыз қатысушысы мен Байқаушы кеңес шешімдерінің жобаларын дайындауды жүзеге асырды;

12.4.3. Қазақстан Республикасындағы, және одан тысқары жерлердегі заңды тұлғалар мен азаматтарға Серіктестіктің атынан наразылық пен қуыным білдіру туралы шешім қабылдайды;

12.4.4. Серіктестіктің штаттық кестесін Байқаушы кеңестің бекітуіне ұсынады;

12.4.5. Серіктестіктің ең тиімді жұмыс істеуіне жету мақсатында Серіктестік қызметкерлерінің арасында міндеттерін бөледі, олардың өкілдіктерін айқындайды;

12.4.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің Жалғыз акционері мен Байқаушы кеңесінің шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметкерлерін жұмысқа қабылдауын және жұмыстан босатуын жүзеге асырады, олармен еңбек шарттарын жасасады және бұзады, Серіктестік қызметкерлеріне мадақтау шараларын қабылдайды және тәртіп жөніндегі жазаны тартқызады, еңбекке ақы төлеу жүйесін айқындайды, бекітілген бюджет шегінде лауазымдық қызметімен дербес үстеме көлемін белгілейді, Серіктестіктің Байқаушы кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес сыйлық ақы мәселесін шешеді;

12.4.7. Серіктестік қызметкерлеріне мемлекеттік органдар мен өзге үшінші тұлғаларға қатысты Серіктестіктің мүддесіне өкілдік ету құқығына, соның ішінде және сенімнің ауысуына сенімхат береді;

12.4.8. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына және Байқаушы кеңестің қарастыруына шығарылатын мәселелерді алдын-ала қарастырады;



12.4.9. Бекітуі Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Байқаушы кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған Серіктестіктің ішкі құжаттарын (нұсқауларды, актілерді, қағидаларды және т.б.) бекітеді;

12.4.10. Серіктестіктің құны Серіктестік активтерінің құнының жалпы баланстық мөлшерінен 5% төмен займдар (кредиттер), ссудалар алуына немесе беруіне байланысты, сондай-ақ заңды тұлғаларға құны Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерінен 5% төмен кепілгерлік пен кепілдік беру туралы мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылдау.

12.4.11. Серіктестіктің құны 165 000 000 (жүз алпыс бес миллион) теңгеден төмен болатын мүлікті сатып алатын және/немесе иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім қабылдау.

12.4.12. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдайды және олардың ережелерін бекітеді.

12.4.13. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына Серіктестікті тексеретін аудиторлық ұйымды анықтау, сондай-ақ оны іріктеу тәртібі туралы толық ақпарат беруімен қатар және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшері туралы ұсыныстар енгізеді;

12.4.14. Заңның 43-бабына сәйкес Жалғыз қатысушы айқындаған аудиторлық ұйымның Серіктестіктің жылдық қаржылық есеп-кисап аудиті үшін қызмет ақы төлеу мөлшерін белгілейді;

12.4.15. Заңның 59 бабының 1 тармағының талаптарына сәйкес Серіктестіктің жылдық қаржылық аудитінің жүргізілуін бақылайды және оны Серіктестіктің Жалғыз қатысушысына жылдық қаржылық есебін бекітуге шығарады;

12.4.16. Серіктестіктің өндірістік персоналының штат кестесіне бекітілген штат деңгейі мен бекітілген еңбекақы төлеу шегінде өзгерістер енгізеді;

12.4.17. Серіктестікті дамыту бағдарламасының байқаушы кеңесінің қарауына және бекітуіне дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді;

12.4.18. Есепті жылы серіктестікті дамыту бағдарламасының іске асырылуы туралы есепті Байқау кеңесінің қарауына және бекітуге дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

12.5. Бас директор Жалғыз қатысушының, Байқаушы кеңес пен Тексеру комиссиясының алдында есепті кезеңде қаржылық-шаруашылық қызметтің қорытындылары туралы есеп береді және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының мүддесін және Серіктестіктің өз мүддесі бар нарықтардың даму болжамын сақтай отырып Серіктестіктің келесі кезеңдерінің қызмет жоспарын ұсынады.

12.6. Бас директор Байқау кеңесінің бекітуіне жылдық бюджетті ұсынуға міндетті.

12.7. Серіктестіктің Бас директоры Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы және/немесе өзге органдарының ерекше құзыретіне жатқызылатын қызметтерді қоспағанда, Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелерін шешеді.

12.8. Серіктестіктің Бас директоры өз міндеттерін орындау кезінде Серіктестіктің мүддесіне адал ниетпен және орылды әрекет етуі тиіс.

12.9. Бас директор Жалғыз қатысушы мен Байқаушы кеңестің шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ, және ондай шешімдер оларды қабылдаған сәттен бастап жарамсыз болып табылады.

12.10. Серіктестіктің Бас директоры өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғыны басшылыққа алады.

### **13. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА КІРІСІН БӨЛУ ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫ ӨТЕУ**

13.1. Серіктестіктің жыл ішіндегі қызметінің қорытындысы бойынша алған таза кірісі (бюджетке төленетін салықтар мен өзге міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Жалғыз қатысушының шешімімен айқындалған тәртіпте, соңын ішінде дивидендтерді төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Жалғыз қатысушының шешімімен көзделген

Серіктестіктің дамуына және/немесе Серіктестіктің өзге мақсаттары мен міндеттеріне бағытталады.

13.2. Бөлінген таза кірістің бөлігін Жалғыз акционерге төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, Серіктестік төлемді Жалғыз қатысушы таза кірісті бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 1 айдың ішінде ақшалай нысанда жүргізуі тиіс.

13.3. Жалғыз қатысушы бөледен таза кірісті немесе оның бөлігін шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.

13.4. Серіктестіктің ықтимал залалдары ол Серіктестікте құрылған жағдайда резерв қорының есебінен өтеледі. Залалдарды өтеу үшін резерв қорындағы қаражаттар жеткіліксіз болса, оларды өтеу көздері туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

13.5. Серіктестік Серіктестіктің барлық жарғылық капиталын толық төлегенге дейін таза кірісті бөлуге құқығы жоқ.

#### **14. СЕРІКТЕСТІК ПЕРСОНАЛЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ**

14.1. Серіктестіктің еңбек ұжымын еңбек шартының негізінде Серіктестікпен еңбек қатынастарында тұрған барлық жеке тұлғалар құрайды.

14.2. Серіктестік қызметкерлерінің еңбек жағдайлары мен әлеуметтік құқықтары Серіктестіктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

14.3. Серіктестіктің қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамтамасыз етуге жатады.

14.4. Серіктестік өз қызметкерлері немесе олардың жекелеген санаттары үшін қосымша еңбек және әлеуметтік жеңілдіктерді (Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделгендерден басқа) белгілеуі мүмкін.

#### **15. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ**

15.1. Егер Жалғыз қатысушы Серіктестікке жарияланғалы отырған Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының жекеменшігін құрайтын ақпаратты жария еткен жағдайда, жарияланатын ақпарат жазбаша немесе басқа да түрде «Конфиденциалды» немесе «Қызметтік пайдалану үшін» грифтерінде ұсынылады, осындай ақпаратты алған Серіктестік оны құпияда сақтауға міндеттенеді, сонымен қатар осы ақпарат жария етілген кез келген үшінші тараптан оны құпияда сақтауын және Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының жазбаша рұқсатысыз пайдаланбауын және Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Жарғының аясынан асыра жария етпеуін талап етеді. Серіктестіктің конфиденциалды ақпараттарын сақтау бойынша жоғарыда көрсетілген талаптар Серіктестіктің барлық қызметкерлері мен лауазымдық тұлғаларына таратылады. Жоғарыда айтылған ереженің «Конфиденциалды» және «Қызметтік пайдалану үшін» грифті ақпараттарға қатысы жоқ, яғни:

15.1.1. Жалпыға белгілі, яғни Жалғыз қатысушының әрекетінсіз жария болған.

15.1.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жариялауға жататын.

15.2. Жалғыз қатысушымен қандай да бір құқық және міндеттемелер берілген жағдайда оны қабылдаған құқық қабылдаушы Жарғының осы тарауындағы 15.1. тармағында көрсетілген құжаттарды, мәліметтерді және ақпараттарды құпияда сақтауға міндетті.

15.3. Серіктестік құжаттарды, мәліметтерді, есептерді және мағлұматтарды Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының жазбаша келісімін алған жағдайда төменде көрсетілген үшінші тұлғаларға өздерінің өтінші бойынша беруге құқылы:

15.3.1. ұжымдық байланысы бар мекемелерге, сонымен қатар Серіктестіктің алдында өз міндеттерін атқару үшін Серіктестіктің конфиденциалды ақпараттарына рұқсатты қажет ететін, Серіктестікке қызмет көрсететін үшінші жақтарға;

15.3.2. құқығын қабылдаушыға немесе осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтары мен міндеттерін қабылдаған құқық қабылдаушыларға.

15.4. Жарғының 15.3 тармағына сәйкес үшінші тұлғаға құжаттарды, ақпараттарды, мәліметтер мен есепті тапсыратын Серіктестіктер осы Жарғымен қарастырылған Серіктестіктің құпия ақпараттарын сақтау бойынша жазбаша міндеттеме қабылдауына оларды міндеттеуі керек.

15.5. Шетел азаматтарына және Серіктестік алдында өз міндеттерін атқаратын мекемелерге «Қызметтік пайдалану үшін» грифті ақпараттарды ұсыну Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асады.

15.6. Жарғының осы тарауына сәйкес қабылданған міндеттердің Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген әрекет ету мерзімі бар. Серіктестік қызметін тоқтату көрсетілген міндеттерді жоққа шығару немесе өзгерту үшін негіз болып табылмайды.

15.7. Серіктестік Заңға және осы Жарғыға сәйкес Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының қызығушылық мүддесіне қатысты Серіктестіктің қызметі жөнінде ақпаратты Жалғыз қатысушыға мәлімдеуге міндетті.

15.8. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар Серіктестіктің атқару органы орналасқан жерде Серіктестіктің әрекет ету мерзімі бойынша сақталады.

## **16. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ**

16.1. Серіктестік қызметін тоқтату қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

16.2. Серіктестікті қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіппен Жалғыз қатысушының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

16.3. Серіктестік мына жағдайларда таратылады:

16.3.1. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша (ерікті тарату);

16.3.2. Соттың шешімі негізінде (мәжбүрлеп тарату);

16.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де негіздер бойынша.

16.4. Серіктестіктің тарауы Жалғыз қатысушымен тағайындалған тарату комиссиясымен немесе сотпен жүзеге асырылады. Тарату комиссиясы тағайындалған уақыттан бастап Серіктестіктің істерін басқару бойынша құзырет оған өтеді.

16.5. Тарату Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте жүзеге асады.

## **17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**


17.1. Егер осы Жарғының кейбір ережелерінің бірі жарамсыз болып қалса, бұл осы Жарғының басқа ережелеріне әсерін тигізбейді.

17.2. Жарғыға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен толықтырулар Жалғыз қатысушының шешімімен енгізіледі және Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркеуге алынады.

17.3. Осы Жарғыда реттелмеген өзге де мәселелер Жалғыз қатысушымен шешіледі, ал ол мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасына сәйкес – сот тәртібімен шешіледі.

17.4. Бұл Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар 3 (үш) түп нұсқалық данада жасалды.

**Бас директор**



**Д. М. Искаков**

Утвержден  
Решением Единственного Участника  
№ 2/21 от «15» марта. 2021 года  
(Решение Совета директоров Акционерного общества  
«Национальная атомная компания  
«Казатомпром»)

## УСТАВ

Товарищества с ограниченной ответственностью

«РУ-6»

Республика Казахстан,  
2021 год



## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Устав Товарищества с ограниченной ответственностью «РУ-6» (далее – Товарищество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

1.2. Товарищество создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

1.3. Единственным участником Товарищества является: **Акционерное общество «Национальная атомная компания «Казатомпром»**, местонахождения - Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район Есиль, улица Е 10, дом 17/12, свидетельство о государственной регистрации № 41С31-1901-А0 от 23 августа 2011 года, РНН 181 600 039 479, БИН 970 240 000 816, банковские реквизиты ИИК KZ 356 010 131 000 049 659, в АОФ АО «Нарсдний Банк Казахстана», БИК HSBK KZ KX.

1.4. Юридический адрес и место нахождения Товарищества:  
Республика Казахстан, 12С710, Кызылординская область, Шиелыйский район, сельский округ Байтерек, село Бидайколь, урочище Бидайколь, строение №3.

1.5. Фирменное наименование Товарищества:

**на казахском языке:**

полное – «РУ-6» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

сокращенное – «РУ-6» ЖШС;

**на русском языке:**

полное – Товарищество с ограниченной ответственностью «РУ-6»;

сокращенное - ТОО «РУ-6»;

**на английском языке:**

полное – Limited Liability partnership «RU-6»;

сокращенное – LLP «RU-6».

Товарищество создается на неопределенный срок.

